


Резистор және реостат


ҚАРТБАЕВА АРАЙЛЫМ МҰРАТБЕКҚЫЗЫ

*Атырау қаласы, М.Мөңкеұлы атындағы
№ 6 орта мектебінің
физика-математика пәні мұғалімі*

<i>Сабақ : Физика</i>	<i>Мектеп:</i>	
<i>Күні:</i>	<i>Мұғалімнің есімі:</i>	
<i>Сынып: 8 сынып</i>	<i>Қатысқандар саны:</i>	<i>Қатыспағандар саны:</i>
<i>Сабақтың тақырыбы: Резистор және реостат</i>		
<i>Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары):</i>	Резистор мен реостат туралы мағлұмат беру.	
<i>Сабақ мақсаттары:</i>	<i>Барлық оқушылар:</i> Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды.	
	<i>Оқушылардың басым бөлігі:</i> Топтық жұмысты бірлесе орындайды. Өз бетінше жұмыс жасай алады.	
	<i>Кейбір оқушылар:</i> Оқулықтан тыс қосымша тапсырмаларды орындайды. Тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.	
<i>Тілдік мақсат:</i>	<i>Оқушылар... (істей) алады:</i> Тақырыптың маңызын түсінеді. Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.	
	<i>Негізгі сөздер мен тіркестер:</i> Реостат, резистор, электр тогы, кедергі	

<i>Сыныптағы диалог (жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер):</i>		
Қазақша	Орысша	Ағылшынша
Реостат	Реостат	Rheostat
Резистор	Резистор	Resistor
Кернеу	Напряжение	Voltage
Кедергі	Интерференция	Interference
Параллель	Параллельно	Parallel
Тізбектей	Последовательный	Consistent
<p><i>Талқылауға арналған тармақтар:</i> Реостатэлементі. Резисторлар.....ерекшеленеді.</p>		
<p><i>Жазылым бойынша ұсыныстар:</i> Тапсырмаларды дәптерге орындайды.</p>		
<i>Алдыңғы тақырып</i>	Электр кедергісінің температураға тәуелділігі	
Жоспар		
<i>Жоспарланған уақыт</i>	<i>Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз).</i>	<i>Ресурстар</i>
<i>Басталуы.5 3 минут</i>	<p>I. Ұйымдастыру.</p> <p>1. Сынып оқушыларына жағымды ахуал тудызу</p> <p>2. 1,2,3 - ке санау арқылы сыныпты 3 топқа бөлеміз.</p> <p>II. «Ашық микрофон» әдісі</p> <p>1. Металл өткізгіштер кедергісінің температураға тәуелділігі қандай? Бұл құбылыстың себебі неде?</p> <p>2. Асқын өткізгіштік құбылысы туралы не білесіңдер?</p> <p>Өзара бағалауда дискриптор құру.</p> <p>1. Металл өткізгіштер кедергісінің температураға тәуелділігі туралы және оның себебін біледі.</p>	<p><i>Оқулық, дәптер</i></p> 

<p>Ортасы</p> <p>30 минут</p>	<p>2. Асқын өткізгіштік құбылысын айта алады.</p> <p>III. Жаңа сабақ: «Резистор және реостат»</p> <p>Тізбектегі ток күшін реттеу үшін көптеген жағдайларда арнаулы прибор - реостаттар қолданылады.</p> <p>Резистор – бұл меншікті кедергісі бар электр тізбегінің элементі. Резисторлардың негізгі параметріне кедергі жатады.</p> <p>Реостат – электр тізбегіндегі токты немесе кернеуді реттеуге арналған аспап.</p> <p>Реостаттың функциясы қарапайым. Ол токты немесе кернеуді басқарады.</p> <div data-bbox="544 855 1018 1169" style="text-align: center;"> </div> <p>IV. Топтық жұмыс 3 топқа деңгейлік тапсырмаларды беру</p> <p>1. Кедергілері $R_1=10\text{ Ом}$, $R_2=15\text{ Ом}$, $R_3=30\text{ Ом}$ үш резистор параллель жалғанған. Ток көзіндегі кернеу 36 В.</p> <p>A деңгейге</p> <p>а) Осы қосудың электр схемасын сызыңдар</p> <p>B деңгейге</p> <p>б) Табыңыз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Жалпы кедергіні 2) R_1 резисторлардағы ток күшін 3) R_2 резистордағы ток күшін 4) R_3 резистордағы ток күшін <p>C деңгейге</p> <p>Өзін -өзі бағалауды жүргізуде дискриптор құру.</p>	<p>Слайд, оқулық</p> <p>Үлестірмелі карточка,</p>
-------------------------------	---	---

	<p>1. Жалпы кедергіні анықтайды. 2. Резистордың ток күшін біледі. 3. Есептер шығара алады.</p>	
<p>Аяқталуы 7 минут</p>	<p>V. «Ыстық орындық» әдісі «Резистор және реостат» тақырыбы бойынша ортаға оқушы шығарып сұрақтар қояды. Оқушы ортада тұрған үстелге отырып, тапсырма бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді. <i>Кері байланыс.</i> <i>«Бағдаршам» әдісі</i> Саған ерекше не қиын болды? Түсінбедім Түсіндім, есте сақтадым</p>  <p>VI. Үйге тапсырма: Резистор мен реостат оқып келу. Дәптерге анықтамалықтарды жазу.</p>	<p><i>Кері байланыс кестесі</i></p>
<p><i>Қосымша ақпарат</i></p>		
<p><i>Дифференциация. (Саралау)- Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жосарлайсыз?</i></p>	<p>Бағалау- оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері. АКТ-мен байланыс Құндылықтардағы байланыс</p>

<p>Қысқа мерзімді сабақ жоспарлауда оқу мақсаттарын басшылыққа ала отырып, сабақ мақсатына жоспар алдым.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Өзін-өзі бағалау - Өзара бағалау - Бағдаршам әдісі бойынша 	<p>Математика, тарих пәндерімен байланыс орнатылған; Техника қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, сабағымды АКТ-мен байланыстырамын; Ынтымақтастықты дамыту;</p>
<p><i>Рефлексия . Сабақ/оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған шаралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</i></p>	<p><i>Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.</i></p> <p>Сабақ мақсаты оқу мақсатына сәйкес қойылған. Оқушылар бүгінгі сабақта резистор мен реостаттар туралы мағлұмат алып өмірде қолдана білуді үйренді.</p> <p>Сыныптағы ахуал орташа деңгейде өтілді. Мен сабақты берілген уақыт ішінде үлгердім.</p>	
<p><i>Қорытынды бағамдау. Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сабақ барысында өткізілген денелердің қызметін айтылуы. 2. Олардың тізбекте жалғану құрылымының түсінуі. <p><i>Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сабақты өткізуде Ашық микрофон, ыстық орындық әдістерінде танымдық тапсырмаларды қолдану. <p><i>Сабақ барысында мен сынып немесе жекеленген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетінін не білдім?</i></p> <p>Кейбір оқушыларға есептер шығарғанда және жеке тапсырмалар орындағанда әлі де көмек қажет.</p>		


Ауыз әдебиеті – өшпес мұра

БАТРАШЕВА БАЗАРКҮЛ ЖҰМАҚЫЗЫ

БҚО, Жаңақала ауданы, Көпжасар ауылы


«Д. Нұрпейісова атындағы ЖОББМ»



Бастауыш сынып мұғалімі



Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	Ауыз әдебиеті – өшпес мұра			
Оқубағдарламасына сәй кесөқытумақсаттары	4.1.2.1* шығарма мазмұнын түрлі баяндау тәсілдерін (I немесе III жаққа өзгертіп, жағдаяттар қосып, оқиғаларды өрбітіп) қолданып, шығарманы қысқаша, толық, ішінара мазмұндау 4.1.3.1 шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру			
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағал ау	Ресурстар
Басы	Жаңа топ құру Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Мен күлгенді ұнатамын» ойын жаттығуы Педагог балаларға: тұнжыраған және көңілсіз, жабырқаған және ойланған көңілді	Психологиялық ахуалға берілген психологиялық жаттығуларды орындау арқылы жаңа сабаққа назар аудару.	 ҚБ: От шашу арқылы бірін бағал	Психологиялық ахуал. Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары.

	<p>және күлкілі; қайрымды және қуанышты, т.б. кейіпке еніп, бір бірімен рольге кіріп, адамдардың бейнесін келтіруге ұсынады. балалар айнаға қарап, әдемі ақкөңіл кейіпте күлімдейді. педагог осы «Мен күлгенді ұнатамын» жаттығуын күніне бірнеше рет қайталап көңіл күйді күлкімен көтеруге болатынын түсіндіреді. «Күлкі-көңіл күйдің сиқырлы кілті. Адам күлгенде өз көңіл күйін, өзі денсаулығын жақсартады және айналасындағы адамдардың көңіл күйімен</p>	<p>Оқушылар сұраққа жауап береді, жұмысты берілген түріне қарай орындайды.</p>	<p>ау.</p>	
--	---	--	------------	--

	<p>денсаулығына жақсы әсер береді.» Жұмыс ережесін келісу</p> <ul style="list-style-type: none">✚ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!✚ Уақытты үнемдейміз!✚ Нақты, дәл жауап береміз!✚ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!✚ Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! <p><u>Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)</u> Пікіріңді дәлелде. Кесте бойынша жауап бер. Тұжырымдар Иә Жоқ Ауыз әдебиетінің түрлерін</p>			
--	--	--	--	--

	<p>кішкентай кезімізден білеміз. Ауыз әдебиеті – ауызша тараған, авторы белгісіз әдеби шығармалар. Мен биыл ауыз әдебиетінің бір түрімен таныстым. Ұлы адамдар да ертегі, жұмбақ, жыр, аңыздарды тыңдап, айтып өскен. Ауыз әдебиеті – қазақ халқының мәдени мұрасы.</p>			
<p>Ортасы</p>	<p>Ширату тапсырмасы. Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда) «Көршіңе әңгімелеп бер»</p> <p><small>Мұстафа Әбдішев (1981-1981) - журналист, қаламгер, ұстаз-баулаушы. Оның әдебиеті қазақ әдебиетінің қазіргі кезеңіне жеткізіліп отыр. Оның еңбектері: «Абай-Қабыл», «Дарындылар ұстазы», «Мәдениет» т.б. Бүгінгі таңда оның еңбегі Қазақстанның мәдениетіне қосқан үлесі зор.</small></p>  <p><u>Түсініп оқы Бала Абай</u> <u>Дескрипторы:</u> Таныстырылым</p>	<p>Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды талапқа сай орындайды.</p> <p>Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда) «Көршіңе әңгімелеп</p>	<p>Формативті бағал ау.</p> <p>ҚБ: Бас барма</p>	<p>Оқылым, жазылым тапсырмалары.</p>

	<p>жасаймыз. Оқиғаның маңызды тұстарын талдаймыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> ● мәтіннің тақырыбын анықтай алады, негізгі ойды табады. ● шығармашылыққа негізделген сұрақтар қояды. ● берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. 	<p>бер» әдісі арқылы суретпен және мәтінмен жұмыс жасайды.</p> <p>Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау</p>	<p>қ арқылы бір-бірін бағалау.</p>	
<p>Соңы</p>	<p>Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау» Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін</p>	<p>Кестені толтыр.</p> 	<p><u>ҚБ:</u> <u>Бағдаршам көздегі арқылы бір-бірін бағалау.</u></p> 	<p>Топтық тапсырмалар.</p>

	<p>жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады. Жаңа білім мен тәжірибені қолдану. Ой толғаным кезеңі.</p> 			
<p>Кері байланыс</p>	<p>«Бес саусақ» кері байланыс.</p> 	<p>Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, суретін жібереді.</p>	<p>«Бес сауса қ»</p>	<p>Кері байланыс тақтай шасы.</p>

14.11.2022 ж. № G00026

**Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың
оқу сауаттылығын арттырудағы тиімді әдістер**

ИМАНЖАНОВА САЛТАНАТ ЕРИКОВНА

*Жетісу облысы Көксу ауданы Мектеп жанындағы шағын
орталығы бар «Қызыларық орта мектебі» КММ
қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі*

Бүгінгі таңда оқыту процесі әр мұғалімнен жаңашылдығын талап етіп отыр. Қазіргі педагогикаға енген жаңа әдістер мен тәсілдер мұғалімнің тек түсіндіруші, оқушының қабылдаушы рөлінде мүлдем сыйыспайды. ХХІ ғасырды бәсеке ғасыры десе, сол бәсекеде тек бәсекеге қабілетті, өз пікірін нақты жеткізе білетін, терең білімді игеріп қана қоймай, сол білімін өмірде қолдана білетін жеке тұлға қалыптастыруда мұғалімдерге үлкен жауапкершілік артылып отыр. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым- қатынасқа өту қажеттілігі туындайды. Білім берудің маңызды шарты- оқу үрдісін жаңарта отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың өздігінен білім алуға құштарлығын жетілдіру, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауда мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыру.

«Өз еңбегін талдай білген адам ғана тәжірибелі ұстаз бола алады» демекші, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыру, қазіргі қоғам талабына сай ой-өрісін дамыту, шығармашылығын кеңейту, терең білімді, бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеп, қалыптастыру болып табылады. Оқу құралында соңғы жылдары әдістемемізге еніп жатқан жаңа әдіс-тәсілдер мен жаттығулар, рефлексия мен кері байланыс түрлері өте көп. Солардың ішінде оқыту барысында тиімділігі жоғары бірнеше әдіс түрлерін атап кеткенді жөн көрдім. Олар: «Ақындар мен жазушылар» әдісі, «Аквариум» әдісі, «Алфавит» әдісі, «Ара ұясы» техникасы, «Аударыспақ» әдісі т.б.

Әдіс- тәсілдерді қолдану арқылы өткен сабақтардың тиімділігі неде? Біріншіден, мұғалім көп қиналмайды , оқушылар жаңа сабақты оңай қабылдап, тез меңгереді , сондай-ақ сыныпта артық шу, артық әңгіме болмайды .Екіншіден, оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық жоғары болады. Сабақ барысында тиімді әдіс- тәсілдерді қолдану нәтижесінде оқушының сабаққа қызығушылығы артады, нақты өзденгейінде бағаланады, жеке қабілеті айқындалады, өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді.

Сонымен қатар тиімді әдістерді тапсырмалар арқылы пайдаланғанда оқушылар: өз ойын ашық, қысылмай жеткізе алады, өз ойын дәлелдеуге тырысады, өзіне деген сенімділігі жоғарылайды, оқуға деген қызығушылығы артады, ой шапшаңдығы, сөз байлығы молаяды, өз әрекетінің дұрыстығын түсініп, қорғай алады.

Қазіргі таңда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдаланудағы сабақтардың алғы шарттарына: сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау; сенімділікке баулу үшін баланың жауабын үнемі бағалау; қиялын дамыту үшін «Менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру; әр түрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, жаманын сынамау; тіл байлығын дамыту үшін қалайда жауабын соңына дейін тыңдау; жеке тұлға ретінде «Мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру жатады.

Сөз соңында айтарым, өзгелерге білгеніңді немесе білу керектіні үйрету үшін, алдымен, соны қалай үйретуді білуді басты назарда ұстаған жөн. Сабақты әртүрлі әдіс – тәсілдерді қолданып, түрлендіріп өткізу оқушыларымыздың білімге, оқып – үйренуге құштарлығын арттыратыны анық. Ұстаз қандай әдіс-тәсілді қолданса да, мақсат біреу – ол оқушыларға тиянақты да сапалы білім беру. Сондықтан кездесетін қиындықтарға қарамастан білім беру сапасын арттыру, баланы жеке тұлға ретінде алып қарап тәрбиелеу – ұстаздар қауымының міндет.

14.11.2022 ж. №G00025

**Еліміздің жастарына патриоттық тәрбие беру және
Алғашқы әскери дайындық пәнінің маңыздылығы**

НУРТАЗИНОВ АЛМАТ АЙТМУХАНБЕОВИЧ

*Жетісу облысы Көксу ауданы Мектеп жанындағы шағын
орталығы бар «Қызыларық орта мектебі» КММ*

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мұғалімі

Жастардың адамзаттық, патриоттық қасиеттерін қалыптастыру проблемасына Қазақстан Үкіметі құжаттарында және Елбасы Жолдауларында аса үлкен мән берілген. Елбасы өзінің жолдауларының бірінде «Өз тарихымыз бен ерекше жағдайларымыз негізінде дұрыс жолды таңдап алу мүмкіндігіміз де бар» (1997) десе екіншісінде «біз бірлесе отырып, ерікті ұлт жасақтау жолында, алға жылжуымызға «қажетті берік негіз қаладық» (2005) - деп өзіміздің тарихымызды, дінімізді, ұлттық қасиеттерімізді алдыңғы қатарға қойылған.

Ұлттық дәстүрлерге, ұлттық идеяға назар аудару және білім мен тәрбиені соған бағдарлау - көптеген мемлекеттер мен халықтардың нақты бір тарихи кезендерінде жиі кездесетін мәселе.

Патриотизм дегеніміз - Отанға деген сүйіспеншілік, әрбір азаматтың мемлекет алдындағы борышын жанқиярлықпен орындау.

Ал Қазақстандық патриотизм - Қазақстан азаматының өзін осы елдің төл баласы, нағыз азаматы ретінде сезінгенде, Қазақстанды өзінің туған елі, Отаны деп есептеген жағдайда ғана қалыптасады, дей келе, Қазақстанның патриоты қандай болу керек екенін белгілесек, онда оның ерекшеліктері мынада:

- Қазақстанда 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады, көп ұлтты мемлекет. Барлығы Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне ерекше құрметпен

қарайды, шын ниетімен қадірлейді. Қазақстан азаматының Конституциялық құқығын сақтайды. Әрбір ұлттың Қазақстанды ортақ үйіміз деп санай білуі.

- Қазақстанда тұратын барлық халықтар ұлтына қарамай, Отанды қорғауға дайын болу. Қазақстан халықтары Ассамблеясында қабылданған барлық шешімдердің іске асуына өз септігін тигізуі.

- Бұл әрбір азаматтың тек өзінің конституциялық борышын өтеуі ғана емес, сонымен бірге оның тұлғалық сапаларының қалыптасуы.

- Қазақстан халықтарын ұлы державалық патриоттық сезімге ұмтылдыру мақсатында қазақстандық ғажайыпқа сендіру, оны мақтаныш ету.

- Қазақстан Республикасының азаматының Отанын қорғауға деген он көзқарасын қалыптастырып, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің әскер қатарында болатынына ұлттық патриоттық мақтаныш сезімін тудыру.

- Қазақстан Республикасының әскери доктринасына сай Қазақстан халқының мүддесін көздеуде патриоттық сезімдерін ояту.

Сонымен бірге, ұлттық патриотизмнің негізгі құндылықтарына «Отан», «Атамекен», «Ел-жұрт», «Азаматтық борыш», «Ар-намыс», «Адалдық пен Әділдік», «Азаматтық парыз», «Қанағатшылық пен Жомарттықты» жатқызамыз. Сөйтіп оны қадірлеп, құрметтеуге тәрбиелеу деп белгілейміз. Демек, атамекен дәстүрлі дала қоғамының қоныс тепкен кеңістігі, қазақ жұртының тіршілік кеңістігі, өмір сүру ортасы, Жер, Отан, Атамекен мен Ел - егіз ұғым, Отан адамның бойында патриоттық сезімді туғызудың қажетті шарты деп ой қорытамыз. Патриоттық сезімді күшейтуге негіз болатын «Азаматтық борыш, Азаматтық парыз» болып, бұның да келіп шығу тегі - сүйіспеншілік, халқына, жеріне құрмет пен борыш. Ал, борыш дегеніміз адамға міндеттер ретінде берілетін және оларды мүлтіксіз орындау оның ішкі кісілік қажеттілігі болып табылатын, қоғам, ел-жұрт тарапынан талаптар мен іс-әрекеттердің жиынтығы екенін айқындаған. Борыштылық - әр адамның өзіне жүктелген істі орындауға жауапкершілігін түсініп мойындауы. Осыдан барып ар-намыс келіп шығады. Ғалымдардың пікіріне қосыла отырып, біз борыш ұғымының субъективтік сипаты қойылған талаптар мен жүктелген үмітті, қызметті, міндетті жете түсіну, оны атқаруға рухани әзірлігі мен мәдениетіне байланысты деп анықтап отырмыз.

Жеткіншектердің адамзаттық, патриоттық қасиеттерін қалыптастыру проблемасына Қазақстан Үкіметі құжаттарында және Елбасы Жолдауларында аса үлкен мән берілген. «Жастарға айтатыным: бақытты өмірді басқа жақтан іздемеңдер. Ата бабаларымыздың айтып кеткен асыл сөздері есте болуы керек». «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген өсиет қалдырған.

Өз Отанының бұл дүниедегі жәннәтің мен шуағың. Сондықтан да білімдерің мен қайрат-жігерлеріңді өз елдеріңнің мүддесіне жұмсандар. Туған елің дәулетті, туған жерің сәулетті болса, сендер де әулетті де дәулетті боласыздар...

Еліңді сүйе білсең, жан аямай қызмет ете білсең, елің де сені алақанға салып аялай алады. Осыны ұмытпандар!. Мұның өзі Елбасының келешек ұрпақтың бойына отансүйгіштік қасиетті сіңдіріп, осынау баға жетпес құндылыққа баулуға жіті көңіл қоятындығын тағы да дәйектеді. Шын мәнінде отансүйгіштік, елжандылық қасиеттер адами қасиеттердің ең биігі, ең асылы екендігі дау тудырмаса керек.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек, тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауып әкеледі», - деп ұлы ғалым, философ Әбу Насыр әл-Фараби айтқандай, өскелең ұрпаққа жан-жақты тәрбие беруді жетілдіріп отыру басты парызымыз деп есептейміз.

XX ғасырдың басындағы ұлт зиялылары отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастырып, дамытуда ұлттық тәрбиені бірінші кезекке қойды.

Біліммен ғылымды және тәрбиені өркениетке жетудің төте жолы санаған Алаш ардақтысы Жүсіпбек Аймауытов «Тәрбиеге әсер беретін өскен орта, ата - ананың тәрбиесі. Соңғысы күшті болмаса, бара - бара адамды замандас, жолдастың азғырып, не түрлі жаман мінезді жұқтыратыны белгілі», - деп жазды.

Жақсы жігіт он бесінде баспын дейді, жаман жігіт отыз бесінде жаспын дейді, - деп халық жеке тұлғаның мәдениеттілігі мен елжандылығының жастайынан - ақ белгілі болатындығын дәлелдеген.

«Қазақстан Республикасының қорғанысы мен Қарулы Күштері туралы» Заңда Отанды қорғау және Республика Қарулы Күштерінде қызмет ету Қазақстан Республикасы азаматтарының халық пен мемлекет алдындағы Конституциялық міндеті мен парызы болып табылады деп көрсетілген.

Қазіргі уақытта армия мен флоттың жаңа қару мен және техникамен жарақтануына байланысты жас жауынгерлерді оқыту мен тәрбиелеу міндеті едәуір күрделенді, қысқа мерзім ішінде қазіргі қаруды меңгеру, өзінің тәуелсіз демократиялық Отанының лайықты қорғаушысы болу - жауапты іс, сондықтан әрбір жасөспірім мектеп қабырғасынан бастап өзін әскери қызметке дайындауға, өз Отаны – Тәуелсіз Қазақстан халқы алдындағы азаматтық жауапкершілігін кәміл ұғынуға тиіс. Орта оқу орындарында бастауыш әскери дайындық курсы мен меңгеру - жастарға ҚР ҚК қатарында қызмет етуге дайындалуына көмектеседі. Оның бағдарламасы шақырылған жастарды ҚР ҚК-де қазіргі заманғы қару мен әскери техниканы қысқа мерзімде меңгере алуы үшін жас сарбазды дайындау көлемінде әскери істі оқып-үйренуін көздейді.

Алғашқы әскери дайындық жастарды патриотизм мен интернационализм, демократиялық қоғам және оған шексіз берілгендік, Отанға және Қарулы Күштерге деген сүйіспеншілік, әскери борышты мүлтіксіз орындауға әзірлік рухында тәрбиелеуге бағытталған.

Отанды қорғау әрбір азаматтың парызы. Елімізде Отанның қорғаушысы болуды армандайтын ұлдар мен қыздар білім алуда екендігін айта кету керек. Олар Қазақстан тарихын терендетіп оқиды, алғашқы әскери дайындық сабағына аса бір ынтамен қатысып, болашақта тәуелсіз еліміздің мақтан тұтар аяулы ұлдары - Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Тоқтар Әубәкіров сынды халқының құрметті азаматы болуды армандайды.

Отан үшін от пен оққа кеудесін тосқан Бауыржан ата «Отан үшін отқа түс, күймейсің», - деп аманат қалдырған. Осындай Отанын сүйген және ол сезімнен қуат алған, ел қорғаны болған перзенттері бар елдің, алар асуы мен шығар белесі әлі алда. Олай болса, осы жерді жан-тәнімен сүйетіндер де, оны көздің қарашығындай қорғап, сақтайтындар да – отансүйгіштік рухта тәрбиеленген жастар болып табылады.

Біздің ата-бабаларымыз Алтайдан Атырауға, Еділ мен Жайыққа дейінгі ұлан-ғайыр мол жерді талай ғасырлар бойы басқыншы жаудан қорғап, бостандық пен тәуелсіздік жолында жанын пида етті. Сондықтан да біздер халқымыздың қас батырлары - Қабанбай мен Бөгенбайды, Исатай мен Махамбетті, Кенесары мен Наурызбайды, Райымбек пен Қарасайды, Қасым хан мен Абылай ханды қадір тұтып қастерлейміз. Олардың халқы үшін қалтқысыз қызмет еткенін үлгі - өнеге етіп, осындай ата - бабаларымыздың болғанын мақтан етеміз.

Өз Отанын сүйетін ұрпақ тәрбиелеу мектептегі әскери-патриоттық жұмыстың басты өзегі болуы керек. Өйткені кез келген егеменді мемлекет сияқты Қазақстан өзінің қорғаныс қабілетін сақтауды маңызды мемлекеттік міндеттердің және бүкіл халықтың ісі деп санайды.

Ал, мектепте жастарға әскери патриоттық тәрбиені жеткізу үшін және әскери қызметті түсіндіру мақсатында алғашқы әскери дайындық оқытушы-ұйымдастырушысы тағайындалған. Қарулы Күштердің қатарында әскери

қызметшілердің құрамын білімді және спортпен шыңдалған, жүрегінде от жалындаған азаматтармен толтыру үшін мектеп жастарына әскери жетекшінің әскери патриоттық тәрбиені түсіндіруінің (әскери тақырыпта әңгімелер қозғау, әскери кездесулер өткізу және т.б.) және әскери патриоттық тәрбиеге қатысты іс-шаралар ұйымдастыруының (әскери спорт жарыстары, әскери ойындар және т.б.) пайдасы көп.

Алғашқы әскери дайындық мектептерде 1996 жылдан бастап ҚР Үкіметінің, арнайы қаулысымен енгізілді. Осы қаулыға сәйкес бастапқы әскери білім беру еліміздің барлық орта білім беретін оқу орындарында жүргізіледі. Ал, 2006 жылдан бастап жаңа қаулы қабылданып, әскери дайындықтың деңгейі жоғарылай түсті. Бастапқы әскери дайындық пәні көптеген пәндермен жанама байланыста, ал, дене тәрбиесі сабағына тікелей байланысты.

Алғашқы әскери дайындық - Қазақстан Республикасының азаматтарын жастарын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да

әскерлерімен әскери құрамаларында әскери қызмет етуге даярлау жүйесінің құрамдас бөлігі, иелігі мен меншік нысандарына қарамастан жалпы білім беретін және кәсіптік-техникалық мектептерде, арнаулы орта оқу орындарында міндетті мемлекеттік пән болып табылады.

Алғашқы әскери дайындық пәнін оқу барысында оқушылар азаматтардың, Қазақстан Республикасын қорғау жөніндегі Конституциялық құқықтарын ұғынуға, ҚР Қарулы Күштерінің сипаты мен мақсатын, әскери іс пен азаматтық қорғаныстың негіздерін анықтап түсінуге тиіс, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі мерзімді әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметті өткерудің жағдайларына қысқа мерзімде бейімделіп, өздеріне сеніп тапсырылған қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы меңгеру үшін жас сарбазды дайындау көлемінде қажетті білім, практикалық машықтанушылық, мінез-құлық орнықтылығын қалыптастыруы тиіс.

Әскери патриоттық тәрбие - жас өренді Отанды қорғауға ұдайы әзір болуға моральдық және дене бітімі жағынан даярлау болып табылады. Әрбір жасөспірім жасынан «Қазақстан - менің Отаным», «Ол мен үшін жауапты болғаны сияқты, мен де ол үшін жауаптымын», - деген қарапайым ойды меңгеруі керек.

Әскери патриоттық-тәрбиелік іс шаралар алдын ала жоспарлануы тиіс. Жоспарда тек қана оқытушы-ұйымдастырушының ой-пікірі емес, сол оқу мекемесінің әрбір мұғалімінің ой үлесі болуы тиісті қандай да болмасын әскери патриоттық іс шараны өткізу салтанатында Мемлекеттік Туды алып келу және алып кету. Мемлекеттік Әнұранмен ашу және жабу мәселелерін жоғары ұстау керек. Мемлекеттік Туды салтанатты түрде алып жүру үшін ең жақсы оқитын оқушылардан тағайындау керек.

Жастарға әскери патриоттық тәрбиені тереңдету үшін әр аудандағы, әр қаладағы әскери бөлімдер мектеппен байланысты үзбеуі керек. Мектептерде оқушылардың әскери киім киюі әскери патриоттық тәрбиелеудің негізгі кілті. Мүмкіншілік болып жатса, оқушыларға әскери киім тіктіріп, оны дұрыс киюін қадағалау қажет.

Алғашқы әскери дайындық пәні - Қазақстан Республикасының азаматтарын Қарулы Күштерде, басқа да әскер және әскери құрамаларда қызмет етуге дайындайтын мемлекеттік жүйенің негізгі құрамы болып табылады. Алғашқы әскери дайындық пәнімен әскери-патриоттық тәрбие тығыз ұштастырыла отырып, жастардың әскери істі жақсы меңгеруіне, төтенше жағдайларда қорғанудың тәсілдері мен құралдарын дұрыс пайдалана білуіне ықпал етеді.

Алғашқы әскери дайындық бөлімінің кіріспе бөлімінен бастап, әрбір тақырыптары жастардың бойында терең патриоттық сезім қалыптастырады деп айтсақ болады. Оқытушы кіріспе сабақты өткізуде оқушыларды әскери қызметке және Қазақстан Республикасын қорғауға дайындаудың маңызына, алғашқы әскери дайындық курсының оқу міндеттерін орындауға байланысты моральдық-психологиялық және дене күшті шоғырландырудың қажеттілігіне ерекше көңіл бөледі. «Қарулы Күштер Қазақстан Республикасының егемендігі күзетінде» тарауындағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің нышандары және әскери бөлімнің жауынгерлік туы» тақырыбында мемлекеттік нышандарды зерделеуге ерекше мән беріледі. Республика нышандарының саяси және рухани мәнін пайымдау арқылы жастардың азаматтық міндеттері туралы дүниетанымы кеңейеді және тереңдей түседі. Нышандарды оқи отыра жастар ел тарихының маңызын, еліміздің болашағы үшін жауапкершілік сияқты жалпы адамгершілік нормаларды бойларында қалыптастырады.

Әлемде азаматтардың бойында ұлттық нышандар: туға, елтаңбаға, әнұранға, ұлттық мерекелерге патриоттық сезімді, оларға құрметпен қарауды мақсатты түрде қалыптастырып отырған елдер аз емес. Көптеген елдер мемлекеттік нышандарды мемлекеттің оң бейнесін жасаудың негізгі, патриоттық сезім мен ерік-жігерді танытудың нысанасы ретінде пайдаланады. «Сабақтан тыс әскери-патриоттық тәрбие ретінде нышандар» тақырыбында деректі фильмдер, конференциялар, ашық сабақтар өткізіп кеңінен насихаттауға болады.

Әскери қызметшілердің жалпы міндеттерін оқыту арқылы жастарға Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын қатаң сақтауға және әскери жарғылардың талаптарын орындау, әскери антқа адал болу, өз халқына жанқиярлықпен қызмет ету, өз елін қасық қаны қалғанша қорғау, өз Отанының патриоты болу, адал, тәртіпті болу, кәсіп білікті ұдайы меңгеру, өз жолдасын бағалау, киімді ұқыпты кию деген секілді көптеген жақсы қасиеттер түсіндіріліп, оларды бойларында қалыптастырады.

МАЗМҰНЫ

- ҚАРТБАЕВА АРАЙЛЫМ МҰРАТБЕКҚЫЗЫ
- БАТРАШЕВА БАЗАРКҮЛ ЖҰМАҚЫЗЫ
- ИМАНЖАНОВА САЛТАНАТ ЕРИКОВНА
- НУРТАЗИНОВ АЛМАТ АЙТМУХАНБЕОВИЧ